

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагог қызметкерлерімен
өткізілген №7 кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының хаттамасынан
көшірме.**

Тамды ауылы

29.11.2024 жыл

Барлық педагогтар саны - 8

Қатысқан педагогтар саны -8

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрлігінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» МКҚК қызметін өзін- өзі бағалау қорытындылары.

Тыңдалды:

«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» МКҚК бойынша өзін- өзі бағалау комиссиясының төрайымы Ажигулова А.К. өзін- өзі бағалау комиссиясының қорытынды есебімен таныстырды. Комиссия мүшелері мектепке дейінгі ұйымның өзін- өзі бағалау объектілеріне мұқият талдау жүргізді, кадрлық құрамға талдау, тәрбиеленушілердің контингентінің құрылымы, оқу- әдістемелік жұмыс, оқу- материалдардың активтер, ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры, тәрбиеленушілердің білімдерінің бағалануы толық қаралғанын айтты. «Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» МКҚК 2024- 2025 оқу жылында 8 педагог жұмыс жасады. Педагогтардың білім деңгейлері талаптарға сәйкес келеді. «Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» МКҚК базалық білімі жоқ педагогтар саны жоқ. Сондай- ақ «Мектепке дейінгі ұйымдар педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болып, өзінің кәсіби деңгейін үздіксіз жетілдіруді, оның ішінде бес жылда бір рет біліктілік санаты деңгейін арттыруды (растауды) тиіс» деп көрсетілген талабына сәйкес келеді. 8 педагог ішінде басшы- ұйымдастырушы- 1- 12,5, педагог- модератор- 2- 25 %, педагог тағылымдамашы, педагог-1- 12,5 және 4 педагог санатсыз. Балабақшаның барлық топтары жиһаздармен, ойыншықтармен жабдықталған. Топтарда тәрбие мен оқыту процесін мемлекеттік стандартпен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарын сай балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік дағдыларын қамту, күн тәртібіне сәйкес ойын түрінде жүзеге асыру үшін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып заттық- дамытушы орталар құрылған. Жабдықтаумен және жиһазбен қамтылуы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі «Мектепке

дейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 І қосымшасының 1 тарау, 9 тармағына сәйкес келеді және оқу-әдістемелік кешендер жеткілікті деңгейде қамтылған.

Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторинг нәтижесінің бастапқы және қорытынды болуына талдау жасалды.

Мектепке дейінгі үлгілік бағдарламасының міндеттеріне сәйкес перспективалық жоспарлар, апталық циклограммалар балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық- зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру күн тәртібіне сәйкес ойын түрінде жүзеге асырылады. Осы 2024- 2025 оқу жылдары бойынша барлық топтардың перспективалық жоспарлары мен циклограммалары қараша айына дейін толық жазылған.

Сөз кезегін сараптама комиссиясының мүшесі, балабақша әдіскері А.О.Едигина комиссия мүшелерінің барлық бөлім бойынша мұқият талдау жүргізілгенін, балабақша қызметінің жағымдары жақтары анықталғанын атап өтті. А.О.Едигина өзін- өзі бағалау қызметтеріне сәйкес балабақшаның қызметі «жақсы» деңгейде екенін толықтырды.

Хатшы: Комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» МКҚК бойынша «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары» негізінде бағалау барлық бөлімдері бойынша қаралып, жинақталып «жақсы» деген баға қойылды.

Шешім:

І. «Ақтөбе облысының білім басқармасы «Алға ауданының білім бөлімі» ММ «Жұлдыз- ай» Тамды бөбекжай- балабақшасы» МКҚК бойынша өзін- өзі бағалау қорытындысы бойынша «жақсы» деген бағамен бағалансын.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:



Ажигулова А.К.

Касымғалиева М.О.